

2012 жылы Т.Рысқұлов ауданының аумағында тұратын 1995 жылы туылған азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы әкімінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 2 шешімі.
Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 20 ақпанда № 6-8-134 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабының 3 тармағына және «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 Қаулысына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1.«Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы К.Ердосовқа (келісім бойынша) 2012 жылы Т. Рысқұлов ауданының аумағында тұратын 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу ұсынылсын.

2.Ауылдық округ әкімдері «Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етіп, тіркеу жүргізу учаскесіне 1995 жылғы жасөспірімдерді тіркеуге келуін қамтамасыз етсін.

3.«Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесімен келісілген кесте бойынша ауданның білім беру мекемелерінде оқитын 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне уақытылы және ұйымшылдықпен жіберуді қамтамасыз етсін.

4.«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Т.Рысқұлов аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері Ш.Мырзалиевке (келісім бойынша) шақыру учаскелеріне тіркелу кезінде әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін «Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 44 қаулысында

айқындалған тәртіппен азаматтарды медициналық куәландрудан өткізу ұсынылсын.

5.«Жамбыл облысының Ішкі істер Департаментінің Т.Рысқұлов ауданының Ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы С.Ашималиевке (келісім бойынша) өз құзыреттері шегінде әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды жүзеге асыру ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қарсыбаевқа жүктелсін.

7. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Нұралиев

« К Е Л І С І Л Д І »

«Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданының
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы

К . Ж . Е р д о с о в

23.01.2012 жыл

«Жамбыл облысының Ішкі істер Департаментінің Т.Рысқұлов
ауданының Ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы

С . Т . А ш и м а л и е в

23.01.2012 жыл

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы
Т.Рысқұлов аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері

Ш . М ы р з а л и е в

23.01.2012 жыл